

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 23 маусымдағы N 173-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясын (бұдан әрі - Стратегия) іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында :

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Шөкеев	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші
Өмірзақ Естайұлы	
Мамытбеков	- Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, жетекшінің орынбасары
Еділ Құламқадырұлы	
Цой	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Индустриялық даму департаментінің директоры, хатшы
Игорь Владимирович	
Баталов	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің жауапты хатшысы
Асқар Болатұлы	
Әбденов	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Серік Сақбалдыұлы	
Дәленов	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Руслан Ерболатұлы	
Қасымбек	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Жеңіс Махмұдұлы	
Қуанғанов	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Фархад Шаймұратұлы	
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Марат Әпсәметұлы	

Мыңбай	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Дархан Қамзабекұлы	және ақпарат вице-министрі
Сабдалин	- Қазақстан Республикасының Төтенше
Абылай Қиялұлы	жағдайлар вице-министрі
Сәрсембаев	- Қазақстан Республикасының Қоршаған
Зейнолла Сәкенұлы	ортаны қорғау вице-министрі
Өскенбаев	- Қазақстан Республикасының Туризм
Қайырбек Айтбайұлы	және спорт вице-министрі
Парсегов	- Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті
Борис Анатольевич	қорғау агенттігі төрағасының
орынбасары	
Оспанов	- Қазақстан Республикасы Ауыл
Берік Серікұлы	шаруашылығы министрлігі
	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту
	стратегиясы және аграрлық ғылым
	департаментінің директоры
Алпысбаев	- Қазақстан Республикасы Табиғи
Аманжол Әлиханұлы	монополияларды реттеу агенттігі
	Стратегиялық жоспарлау және жиынтық
	талдау департаментінің директоры
Сүгірбеков	- Қазақстан Республикасы Әділет
Нұрболат Мәлікұлы	министрлігінің Заңға тәуелді актілер
	департаменті заңға тәуелді актілерді
	сараптау басқармасының бастығы.

2. Жұмыс тобы 2008 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде Стратегияны іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е.Шөкеевке жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов